

Т. Есетов атындағы №264 мектеп – лицейінде 2022-2023 оқу жылының 17-28 сәуір аралығында өткен «химия, биология, география» пәндері онкүндігінің

Есебі

Тақырыбы: «Жаратылыстану өмір тану, табиғаттың сырын табу»

Мақсаты:

Оқушылардың қоршаған ортаға деген көзқарасын кеңейтіп, табиғатты сүйуге, қамқор болуға тәрбиелеу. Онкүндіктің басталуы жүргізілетін жұмыстардың жоспарын құрып, бекітіп және онымен таныстыру жұмыстарын жүргізуден бастау алды.

17.04.2023 күні

"Жаратылыстану — өмір тану, Табиғаттың сырын табу" тақырыбында "Химия, Биология және География" бірлестігінің онкүндігі салтанатты іс-шарамен басталды.

Мақсаты: жаратылыстану ғылымы пәндерін меңгеруге дайындау, күнделікті өмірде көрген, бақылаған құбыластары мен үдерістерді түсіндіру, алған білімдерін пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру, құзіретті және бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру.

Апталықтың ашылу салтанаты әсем әнмен басталып, оқушылардың "құстар" биімен жалғасты. Химия, биология және география бірлестігінің көрмесі таныстырылып, табиғаттың таңғажайып әлеміне енгендей әсер қалдырды. Сонымен қатар, қоршаған ортаға байланысты сұрақтар қойылып, әрбір дұрыс жауапқа сыйлықтар үйлестірілді. Бірлестіктің онкүндік жоспары таныстырылып, алдағы уақытта өтетін түрлі іс-шаралар мен ашық сабақтардың жоспарға сай өтетіндігі айтылды.

18.04.2023 күні

7-8 сынып оқушылары арасында мектепішілік "Менің саяхатым" тақырыбында байқау өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға әлемдегі қызықты ақпаратты сайыс арқылы жеткізу.

Байқау барысында :

Көрермендер залға арнайы әуе билеттері арқылы кіргізіліп орналастырылды. Сайыс ұшақта өтілгендей жасакталды. Жүргізуші ұшақтың сәтті көтерілгенін хабарлап сайысты бастады.

Оқушылар әр кезеңде өз өнерлері мен білімдерін ортаға салып бәсекеге түсті. Сайыс барысында оқушылар әлемдегі қызықты ақпараттармен бөлісіп, әртүрлі қалдықтардан жаңа дүние жасап, оның пайдасын атап өтті.

"Көңілді уақыт" кезеңінде көрермендермен сұрақ-жауап алмасып, жұмбақ жасырылып сыйлықтар берілді.

"Видеоролик " сайысында 6 топ жаңа форматта түсірілген видеороликтерін көрсетіп, әр елге саяхаттады.

19.04.2023 күні география пәні мұғалімдері Омарова Айман 8 «М» сыныбына «Дүниежүзілік шаруашылықтың салаларын орналастыру факторлары», Тұрлыбек Меруерт «Халықаралық экономикалық қатынастар», Исламбекқызы Ақерке «Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық құрамы, өндіруші және өңдеуші салалары» атты ашық сабақтарын өткізілді. Мақсаты: оқушылар дүниетанымын кеңейту, жаңаны білуге қызықтыру, шапшаңдыққа үйрету. Химия, биология пәні мұғалімдері Яхия Салтанат 8 «З» сыныбына «Тұздар жіктелуі аталуы», Жұмалиева Салтанат 9 «В» сыныбына «Шылым шегу, есірткі мен ішімдіктің адам ұрығының дамуына тигізетін әсері» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Онкүндік аясында "Аспан әлемі және туған өлкеміздің табиғаты" тақырыбында 5-6 сынып оқушылары арасында макеттер сайысы болып өтті.

Берілген тапсырма бойынша оқушылар жұмыстарын қорғап, жобаны таныстырды. Үздік шыққан макет иелеріне Диплом және 10 мың ақшалай сыйлық тапсырылды. Белсене қатысқан оқушылар Алғыс хатпен және сыйлықтармен марапатталды.

Сонымен қатар 5-6 сынып оқушыларына табиғатты аялау мақсатында мектеп ауласында "Құстарды аялайық, құстарға қамқор көрсетейік!" тақырыбында құстарға арнап ұялар жасап, ағаш басына іліп, қамқорлық жасады.

20.04.2023 күні

Химия пәні мұғалімі Иманбай Манат 11 «В» сыныбына «Кешенді қосылыстар» тақырыбында ашық сабағын өткізді.

10 сыныптар арасында «Интеллект» тақырыбында білім сайысы өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың өткен сабақтарда алған білімдерін тексеру, қорыту; Ойлау, сөйлеу қабілеттерін шыңдау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; Туған халқына, Отанына, оның тарихи тағдырына деген құрмет сезімін қалыптастыру. Патриоттық тәрбие беру.

21.04.2023 күні

Биология пәні мұғалімі Кулманова Лиза 7 «В» сыныбына «Өсімдіктердің өсімді жолымен көбеюі және олардың табиғаттағы маңызы» атты ашық сабағын өткізді. Мақсаты: өсімдіктерді тамыр, сабақ, жапырақ арқылы вегетативті жолмен көбейту жолын, түрлерін, айырмашылықтарын, ерекшеліктерін салыстырды.

Химия пәнінің мұғалімдері Абдраманова Марзия мен Абдуллаева Гүлбану Жас мамандарға шеберлік сағаты негізінде "Заманауи мектеп, заманауи мұғалім, педагог имиджі, педагогикалық күзінеттілік және педагог мәртебесі" тақырыбында тренинг өткізді.

Мақсаты: жас мамандардың педагог мәртебесін көтеру, педагогикалық күзінеттілігін дамыту.

Тренингке әр бірлестіктен жас мамандар қатысып, топтық жұмыстар жасалды. Жас мамандарға логикалық сұрақтар қойылып, ситуациялық жағдайдан шығу жолдарына байланысты тапсырмалар берілді. Топтық

жұмыстар ұйымдастырылып, видеороликтер жасады. Сергіту сәтінде әртүрлі ойын түрлері ойнатылып, тренингтің тақырыбын аша түсті.

24.04.2023 күні

География, биология пәні мұғалімдері Нұрмаханова Шолпан 9 «Б» сыныбына «Дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштері», Дүйсенбекова Сая 11 «Г» сыныбына «Харди-Вайнбергтің генетикалық тепе-теңдік заңы», Рахменова Ақбота 6 «Д» сыныбына «Туған өлкеміздің экологиялық проблемалары» тақырыбында ашық сабақтарын өткізді.

25.04.2023 күні

"Химия, биология және география" бірлестігінің онкүндігі аясында "Жаратылыстану негізі ғылымда" атты қалалық семинар болып өтті. Семинарда:

Төребек Динара Русланқызы мен Мыңбаева Гүлжайна Бақытжанқызы химия пәнінен :

" Химия пәнін оқытуда қолданылатын білім трендтері" тақырыбында,

Исаева Айгүл мен Жумағалиева Мөлдір биология пәнінен "Биология сабағында қолданылатын заманауи әдіс-тәсілдер" тақырыбында,

Ибрашева Гүлбақыт пен Нурылдаева Гүлжайна география пәнінен мұғалімдерге семинар сабақ өткізді.

Семинарда ғылыми жетекшілер Қосанов Самалбек " Ғылым, бизнес үлкен мүмкіндіктер" және "Өрлеу" облыстық біліктілікті арттыру орталығынан Маханова Орынгүл " Мұғалімнің кәсіби дамуы, мұғалім мәртебесінің өсу кепілі" тақырыптарында ой бөлісіп, қажетті материалдармен бөлісті. Сонымен қатар, "Химия, биология және география" бірлестігі заманауи үлгідегі әдіс-тәсілдерді көрсетті.

"Трендтен қалмаймыз" әдісі бойынша келген мұғалімдер селфи жасап, белсенді қолданатын әлеуметтік желге хэштег арқылы мектепті көрсетіп, пост немесе история салды.

" Picsart" платформасы арқылы психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында сергіту сәті жүргізілді.

Мұғалімдерді арнайы колбалар арқылы топқа бөлді.

"Тарсия" әдісін құру жолдары түсіндіріліп, әдіс бойынша тапсырмаларды орындады.

" Classroomscreen" платформасында сабақ жүргізу жолдары көрсетіліп, тақырып бойынша сабақ құрылып көрсетілді.

"СupCut" приложениесі арқылы күлкілі фото , видео жүктеліп құрастырылған видео арқылы сергіту сәті ұйымдастырылды.

"Фрейер моделі" әдісі арқылы күрделі мәтіндер мен терминдерді талдау жолы көрсетіліп, топтар берілген мәтіндерді әдіс арқылы талдап жіктеді.

"Пазл" әдісі арқылы оқушыларды топқа бөлу және логикасын дамыту жолдары түсіндірілді. Пазл құрастыру жолдары көрсетілді.

"TikTok"

әдісі арқылы мұғалімдерден сабаққа кері байланыс алды.

Сонымен қатар мектебіміздің "Обсеватория" кабинеті таныстырылып, география пәнінің мұғалімі Айтпембетова Баян "3D модельдеудің заманауи

жолдары мен көрінісі" тақырыбында таныстырылым жүргізді. Келген қонақтар 3D очкидің көмегімен әртүрлі елдерге саяхат жасап, аспан әлемінің таңғажайып құбылыстарына көз жеткізді.

Биология пәнінің мұғалімдері мектебіміздің жасыл өлкесі —тепицадағы көкөністердің өсіп-өнуі жолдары туралы ақпарат беріп, өнімнің күтіп-баптауы басты назарда екенін көрсетті.

Семинарға келген қонақтар ерекше белсенділік танытып, сабаққа қажетті әдіс-тәсілдерді көңілдеріне түйіп қайтты.

Бірлестің әріптестерімен бөліскен жаңаша жаңашыл әдіс-тәсілдеріне алғыстары шексіз болды.

26.04.2023 күні

Химия, биология пәні мұғалімдері Әбдіқайыр Гүлзира 9 «Ә» сыныбына «Алкиндер», Сақабаева Ақмарал 5 «Ж» сыныбына «Экожүйенің тіршілігіне әсер етуші факторлар», Шалдыбаева Гүлзат 5 «Ә» сыныбына «Қазақстанның қызыл кітабы» тақырыптарында ашық сабақ өткізді.

27.04.2023 күні

Биология пәні мұғалімдері Бекетбаева Мархаббат 11 «В» сыныбына «Ғаламдық жылыну: себептері, салдарлары және шешу жолдары», Жолдашбайқызы Салтанат 6 «К» сыныбына «Әлемді өзгерткен жаңалықтар: вакцина, антибиотик, антисептик», Оспанова Мархаббат 5 «И» сыныбына «Қазақстан Республикасының экологиялық мәселелері» атты ашық сабақтарын өткізді.

Апталықтың жабылуы.

28.04.2023 күні

Мұғалімдер арасында «Жұлдызды ұстаз- 2023» атты салтанатты кеш ұйымдастырылып, өткізілді. Мақсаты: педагогикалық қызмет жолында жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиада және ғылыми жоба конкурстарына қатысушы оқушыларды үздіксіз даярлап, заманауи оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруде шығармашылыққа баулу, шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік бағыт-бағдар беру. Ұстаздардың мерейін асырып, еткен еңбектерін табысты етіп, қуаныш пен мереке сыйлау.

«Жаратылыстану өмір тану, табиғаттың сырын табу» апталығымыздың онкүндігі өте мағыналы, тың идеяларға толы іс-шаралар өткізілді. Бірлестік мұғалімдері «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, белгіленген жоспарға сәйкес өздерінің ашық сабақ, сыныптан тыс жұмыстарын өз дәрежесінде, ұйымшылдықпен өткізді.

Апталық соңында бірлестік мұғалімдері ашық сабақтар өткізген сыныптар, көрмеге, жәрмеңкеге белсене қатысқан оқушылар алғыс хаттармен марапатталды.

Бірлестік жетекшісі:

Абдраманова М